



**Тәжікстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы мен
Исмаилиттер имаматы арасындағы Орталық Азия университетін құру жөніндегі
шартты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 26 маусым N 216-II

Астанада 2000 жылғы 31 тамызда жасалған Тәжікстан Республикасы,
Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Исмаилиттер имаматы
арасындағы Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

**ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ, ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ИСМАИЛИТТЕР ИМАМАТЫ АРАСЫНДАҒЫ
ОРТАЛЫҚ АЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІН
ҚҰРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРТ**

ОСЫ ШАРТ ("Шарт"):

ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, Тәжікстан Республикасының Президенті атынан;
ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ, Қырғыз Республикасының Президенті атынан;
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, Қазақстан Республикасының Президенті атынан;
Жоғарыда санамаланған республикалардың әрқайсысы бұдан әрі
"Құрылтайшы Мемлекеттер" деп аталады;
ЖӘНЕ
ИСМАИЛИТТЕР ИМАМАТЫ арасында

Шиин Имами Исмаили мұсылмандарының 49-ы мұрагер Иمامы Ұлы Мәртебелі Ага
Ханның ("Исмаилиттер Имаматы") атынан жасалды.

Құрылтайшы Мемлекеттер мен исмаилиттер Имаматы бұдан әрі ұжымдық түрде "
Құрылтайшылар" деп аталады.

Памир, Қарақорым, Гиндукуш, Гималай, Тянь-Шань, Алатау, Алтай, Копетдаг

ретінде белгілі Алтай мен Кавказ таулары ауданы арасындағы биік таулы аймақтар бойынша өтетін шекте және шекараларда орналасқан мемлекеттерді, егеменді аймақтарды қамтитын Орталық Азия Таулы Аймақ халықтарының табиғи және мәдени мұрасын сақтайтын және жақсартатын экономикалық даму, әлеуметтік және мәдени бастамалар, осы заманғы білім беру сондай-ақ байланыс құралдары арқылы Орталық Азия Таулы Аймағын (жоғарыда айқындалған) экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамытуға қажеттіліктің бар екендігін ескере отырып;

Орталық Азия Таулы Аймағының өзін-өзі қамтамасыз етуі мен игілігі аймақтың елдері арасындағы байланыстарды нығайтатын бірлескен акциялар арқылы және ұжымдық оқытудың тәжірибесін тиімді бөлісу арқылы жақсартылуы мүмкін болатындығын, өйткені Орталық Азия Таулы Аймағының экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына қажеттілікті қанағаттандыру, атап айтқанда, тау халықтарының алдында тұрған жалпы даму проблемаларымен айналысатын жоғары оқу орындарын құру арқылы жеделдетілуі мүмкін екендігін ескере отырып;

Орталық Азия Таулы Аймағы адамдарының осы заманғы дағдылар алуына және олардың тұрмыс ахуалының сапасын жақсарту, сондай-ақ қоғамның өндіруші мүшелері болып қалыптасуы үшін оларды жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын жоғары біліммен қамтамасыз ету мақсатында Құрылтайшылардың халықаралық білім беру ұйымын (халықаралық білім беру мекеме) ("Университет") құруға ұмтылысын ескере отырып және қызметі бүкіл Орталық Азия Таулы Аймағының экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына бағытталатын мұндай шығармашылық жоғары оқу орнының халықаралық сипат алуына, көптеген егеменді ұлттарда жұмыс істеуіне және әлемдік сапа стандарттарына жауап беруіне деген ұмтылысты ескере отырып;

Исмаилиттер Имаматы Ага Ханның даму жөніндегі ұйымын ("АҚДН") қоса алғанда, исмаилиттер Имаматы құрған, көптеген халықаралық даму жөніндегі агенттіктер мен ұйымдар арқылы жұмыс істейтін, Орталық Азия Таулы Аймағында экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалардағы бастамаларды алға жылжытуға септігін тигізетін мекеме болып табылатынын ескере отырып;

Жоғарыда аталған жоба исмаилиттер Имаматы мен Тәжікстан Республикасы

Душанбеде 1995 жылғы 23-мамырда ("АҚДН-нің Тәжікстан Республикасымен келісімі") қол қойған, Даму жөніндегі Ынтымақтастық туралы келісімнің ережелеріне сәйкес исмаилиттер Имаматының бастамасы бойынша құрылғандығын ескере отырып;

Құрылтайшылардың Орталық Азия Таулы Аймағында және басқа да аймақтарда Университетті дамытуға қатысуға басқа да елдерді ("Қатысушы Мемлекеттер") тартуға және оларды рухтандыруға деген тілегін ескере отырып;

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР ТӨМЕНДЕГІЛЕР ТУРАЛЫ УАҒДАЛАСТЫ:

1-БАП: УНИВЕРСИТЕТ

Құрылтайшылар, осы құжатпен төмендегі тілдерде аталатын, халықаралық білім беретін ұйым (халықаралық білім беру мекеме) ретінде осы Университеттің негізін қалап отыр:

тәжік тілінде: Донишгохи Осиеи Марказй
қырғыз тілінде: Борбардук Азия Университети
қазақ тілінде: Орталық Азия Университеті
орыс тілінде: Университет Центральной Азии
ағылшын тілінде: University of Central Asia

Университет мемлекеттік емес (жекеменшік), автономды, коммерциялық емес (пайда алу мақсатын көздемейтін) және Университеттің Жарғысында (төменде баяндалғандай) қалыптастырылған білім беру мақсаттарында құрылған, өзін-өзі басқаратын халықаралық жоғары білім беру ұйымы (халықаралық білім беру мекеме) болып табылады және оның өзінің мақсаттарына жетуі үшін толық академиялық бостандығы бар.

Университет берген барлық дәрежелер, сертификаттар, дипломдар мен басқа да академиялық атақтар Тәжікстан Республикасында, Қырғыз Республикасында және Қазақстан Республикасында танылады.

Университет жынысына, дініне, нәсіліне, этникалық, ұлттық ерекшелігіне және тұрғылықты жеріне қарамастан Университет ұсынған оқу курсы мен өту үшін академиялық тұрғыдан білікті тілек білдірушілер үшін ашық. Жынысының, дінінің, нәсілінің, ұлтының, этникалық ерекшелігінің немесе тұрғылықты жерінің себебі бойынша ешкімге де Университет жеңілдіктерін беруден бас тартылуы мүмкін емес.

Университеттің мақсаттарына қол жеткізу үшін біліктілігі, адалдығы мен жұмыс тиімділігі жоғары деңгейде танылған үміткерлердің қасиеттері Университеттің

академиялық және әкімшілік штатын іріктеудің өлшемі болып табылады;

Университеттің академиялық штатына сөз бостандығы мен өздерінің зерттеулерін және әрбір академиялық еңбектерін тарату бостандығы Университеттің міндеттерін жүзеге асыру мақсатында берілген. Осы зерттеулер мен академиялық еңбектер баспа, электронды ақпарат құралдары және басқа да жарияланым нысандары арқылы басылып шығарылуы мүмкін.

Университет Шартта және осы Шартқа А Толықтыруы ретінде қоса тіркеліп отырған Университеттің Жарғысында ("Жарғы") жан-жақты баяндалған, Құрылтайшылар осы құжатпен растаған және мақұлдаған түрлі артықшылықтарды, жеңілдіктер мен босатуларды пайдаланады.

2-БАП: УНИВЕРСИТЕТТІҢ МӘРТЕБЕСІ

А - ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕ

2.1 Университет білім беретін халықаралық ұйым болып табылады және Құрылтайшы Мемлекеттердің заңдарына сәйкес олардың әрқайсысында жұмыс істеу құқығы бар дербес заңды тұлға болып есептеледі. Университет тұрақты негізде жұмыс істейді, оның өз қызметін жүзеге асыруға, Құрылтайшы Мемлекеттердің заңдарына және Университет пен, әрбір Құрылтайшы Мемлекет арасында жасалған Ынтымақтастық туралы кез келген Келісімге, сондай-ақ Жарғыға сәйкес әрбір Құрылтайшы Мемлекеттегі өз қызметінде Шартты басшылыққа алуға құқығы бар.

2.2 Университет тиісті Құрылтайшы Мемлекетте Шарт күшіне енген күннен бастап әрбір Құрылтайшы Мемлекетте заңды тұлға ретінде танылады. Университет әрбір Құрылтайшы Мемлекеттегі заңды тұлғалардың Мемлекеттік Тізілімінде тіркелетін болады және содан кейін өзінің қызметін бастайды.

2.3 Университет зиялы, мемлекеттік емес (жеке меншік), автономды, коммерциялық емес (пайда алу мақсатын көздемейтін) және осы Жарғыда көрсетілген мақсаттарды көздейтін, өзін-өзі басқаратын білім берудің халықаралық ұйымы (халықаралық білім беру мекеме) болып табылады. Құрылтайшы Мемлекеттердің ұлттық заңдарына сәйкес Шарт бекітілгеннен (күшке енгеннен) кейін Құрылтайшы Мемлекеттер Университетке лицензия беруге кепілдік береді. Мұндай лицензия тұрақты лицензия немесе ақылға қонымды белгілі бір мерзімге берілген уақытша лицензия нысанында берілетін болады және Құрылтайшы Мемлекеттердің тиісті ұлттық заңдарына сәйкес Университет өтініш бергеннен кейін уақытша лицензия тұрақты лицензиямен алмастырылатын болады. Университет тағайындаған дәрежелер, атақтар, дипломдар және басқа да сертификаттар танылады және Құрылтайшы Мемлекеттердің танылған университеттері тағайындайтын дәрежелерге, атақтарға, дипломдар мен басқа да сертификаттарға барабар деп есептеледі.

2.4 Университет өзінің атынан келісімдер жасасуға және жерді пайдалану құқығы

мен өзге де мүліктік құқықтарды алуға, өзіне міндеттемелерді қабылдауға, соттарда, төрелік және аралық соттарда талапкер мен жауапкер болуға, оқыту мен зерттеу үшін құрал-жабдықтарды орнатуға, Құрылтайшы Мемлекеттің аумағында, сондай-ақ одан тысқары жерлерде әкімшілік кеңселерінің және қосалқы қызметтердің негізін салуға құқылы. Құрылтайшы Мемлекеттер заңдарында белгіленуі мүмкін, қандай да болсын жер құқығын шектеуге қарамастан Университетке университеттің кампустары орналасқан жерді пайдалануына құқық берілетін болады.

2.5 Университеттің өзінің қызметіне байланысты техниканы, құрал-жабдықтарды, құрылыс материалдарын, тауарлар мен көрсетілетін қызметті әкелуді және әкетуді жүзеге асыруға, сондай-ақ жоғарыда баяндалғандарға байланысты кез-келген Құрылтайшы, Мемлекет аумағында кедендік декларацияларды толтыруға және оларға қол қоюға құқығы бар. Құрылтайшы Мемлекеттердің ұлттық заңдарында белгіленген қару-жарақ, улы заттар, есірткі құралдары және радиоактивті материалдар мен қосарланған мақсатта пайдаланылатын материалдар сияқты тауарлар мен заттардың арнайы санаттарына қатысты осы Баптың ережелері Құрылтайшы Мемлекеттердің рұқсаттары (лицензиялары) арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

2.6 Университеттің ақша қаражатын қарызға алуға және заемға беруге құқығы бар. Университет өзінің активтері мен меншігін ішінара немесе тұтас кепілге сала алады және аталған активтер мен меншікті несиеге алмастыру ретінде міндеттемелерін қамтамасыз етудің өзге де түрлері үшін, сондай-ақ Университеттің өзге де міндеттемелеріне байланысты пайдалана алады.

2.7 Университеттің Құрылтайшы Мемлекеттердің кез келген елінің ұлттық валютасында, сондай-ақ Қорғаншылар Кеңесінің шешімінде белгіленгені сияқты кез келген өзге валютада банк шоттарын ашуға, ұстауға және пайдалануға құқығы бар.

2.8 Университет Құрылтайшы Мемлекеттердің заңдық нормаларына (реттейтін талаптарына) сәйкес түсім келтіретін кез келген қызметпен айналысуға құқығы бар.

2.9 Егер Университеттің кірісі қашан болсын оның шығысынан асып кететін болса, онда айырмасы, Университет міндеттерінің шеңберінде одан арғы білім беруге, зерттеулерге және көрсетілетін қызметтерге бағытталатын болады.

2.10 Университеттің, түрі Қорғаншылар Кеңесінің шешімімен белгіленетін, мөрі болады.

2.11 Әрбір Құрылтайшы Мемлекеттегі Университеттің тіркелген кеңсесінің мекен-жайы Университет үй-жайларының орналасқан орны болып табылады. Осы мекен-жай тиісті елдердегі заңды тұлғалардың Мемлекеттік Тіркеушісіне хабарланады. Университеттің сондай-ақ Ага Ханның даму жөніндегі ұйымының Женевадағы Бас кеңсесінде, Швейцария, халықаралық мекен-жайы болады.

2.12 Университет тиісті Құрылтайшы Мемлекеттердің заңдарына сәйкес заңды тұлғаның барлық өзге де құқықтары мен өкілеттіліктерін иемденеді.

Б - ҚАРЖЫ МӘРТЕБЕСІ

2.13 Университет Құрылтайшы Мемлекеттерде Университеттің құрылуына және жұмыс істеуіне байланысты төлемнен, сондай-ақ алымдардан және барлық қолданылып жүрген немесе болашақта қолданылатын ұлттық, аймақтық, аудандық және қалалық тікелей әрі жанама нысандағы төлемдерден босатылады. Университеттің мақсаттарынан тыс жүзеге асырылған, пайда әкелетін кез келген қызметке Құрылтайшы Мемлекеттердің заңдарына сәйкес салықтар салынады.

Университеттің мемлекеттік мекемелердегі және университеттердегі коммуналдық қызметтерге қатысты қолданылатын басымдықтарға, ставкаларға және алымдарға қарағанда қолайлылығы одан кем емес басымдықтарды, ставкалар мен алымдарды пайдалану құқығы бар.

2.14 Құрылтайшы Мемлекеттерде жұмыс істейтін, олардың азаматтары немесе тұрақты резиденттері болып табылмайтын Университеттің барлық қызметкерлері оның шетелдік қызметкерлері болып есептеледі. Университеттің жоғарыда аталған барлық шетелдік қызметкерлері әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне жарналар төлеуден босатылады. Университеттің шетелдік қызметкерлерінің Университеттегі жұмысына байланысты кірістеріне Құрылтайшы Мемлекеттерде салық салынбайды және соның ішінде барлық мемлекеттік, аймақтық, муниципалдық және жергілікті салықтардан босатылады. Жоғарыда аталған шетелдік қызметкерлердің Университетте тапқан өз кірістерін шектеусіз әкетуге құқығы бар. Құрылтайшы Мемлекеттерде Университеттің шетелдік қызметкерлерінің басқа көздерден алған кірістеріне, Университетте тапқан кірісін қоспағанда, тиісті Құрылтайшы Мемлекеттерде салық салынады.

Университеттің шетелдік қызметкерлерінің жеке басына пайдаланатын және үй тірлігіне керек-жарақтарын Құрылтайшы Мемлекеттерге әкелуіне құқығы бар. Бұл заттар Университеттің әрбір шетелдік қызметкерінің жеке пайдалануына арналған бір автомобильді қамтуы мүмкін және осы заттар Құрылтайшы Мемлекетке Университеттің шетелдік қызметкері тұңғыш рет келгеннен кейін алты ай ішінде әкелінген немесе сатып алынған жағдайда, сатуға арналған салықты және Қосымша құнға арналған салықты қоса алғанда, барлық әкелу баждарынан босатылады. Университеттің шетелдік қызметкерлерінің Құрылтайшы Мемлекеттен кететін уақытысында да жеке басына пайдаланатын заттарды әкетуі кезінде жоғарыда аталғандарға ұқсас жеңілдіктері болады, бұл орайда шетелдік қызметкерлер өздеріне қажет емес жеке басына пайдаланатын заттарды және үй тірлігінің бұйымдарын кез келген уақытта сатуға құқығы бар.

Осы Баптың ережелері өздері азаматтары болып табылатын Мемлекеттерде жұмыс істеген уақытта Құрылтайшы Мемлекеттердің азаматтарына қолданылмайды.

2.15 Жарғыда аталған халықаралық ұйымдар, оның ішінде АКДН агенттіктері мен ұйымдары және барлық халықаралық екіжақты және көпжақты донорлар, даму

жөніндегі агенттіктер мен мекемелер, қорлар Университетке немесе халықаралық үкіметке бағынбайтын ұйым болып табылатын, Швейцарияның заңдары бойынша (АКУФ) құрылған және жұмыс істеп тұрған Ага Хан Университетінің Қорына және ол Университет қызметіне қатысты құрған кез келген қайырымдылық қорына берілген, (немесе беруге септігін тигізген), өйткені АКУФ Университеттің осы қорын басқарады, материалдық, техникалық және интеллектуальдық меншіктің барлық нысандарына арналған салықтарды өндіріп арудан шектеусіз босатылады.

2.16 Жеке тұлғалардың тірі кезінде және мұрагері ретінде Университеттің сыйлықтар, жарналар мен қайырымалдықтарды Университеттің мақсаттары мен міндеттері үшін қолма-қол ақша түрінде және заттай алуға құқығы бар. Заңды және жеке тұлғалардан алынған барлық осындай сыйлықтар тиісті Құрылтайшы Мемлекеттердегі донорлардың немесе қайырымалдық берушілердің кірісінен шектеусіз толық алынып тасталынады.

2.17 Құрылтайшы Мемлекеттердің азаматтарына салық салу мен оларды әлеуметтік қорғау Құрылтайшы Мемлекеттердің тиісті ұлттық заңдарына сәйкес реттелетін болады. Мұндай жағдайларда тиісті ұлттық салықтарды Университет ұстап қалады және тиісті Құрылтайшы Мемлекеттерге төлейтін болады.

3-БАП: УНИВЕРСИТЕТТІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

Университет өзінің негізгі кампусын Хорог қаласында, Тәжікстан Республикасының Таулы Бадахшан автономиялы облысында ұйымдастырады. Университеттің ажырамас бөліктері ретінде академиялық бағдарламалары мен үй-жайлары, сондай-ақ Қырғыз Республикасында және Қазақстан Республикасында ұйымдастырылуы мүмкін.

4-БАП: ҚОРҒАНШЫЛАР КЕҢЕСІ

Университетті одан әрі дамыту, тұрақты қаржылық қолдауға кепілдік беру, оның материалдық-техникалық базасын нығайту және қызметін Жарғыда баяндалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес жалғастыру үшін Университеттің Қорғаншылар Кеңесі болады.

Университеттің Қорғаншылар Кеңесі Университетті басқаруды және басқаруға жалпы қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруы, өзінің күллі іс-қимылына, қаражаттарына және қай жерде орналасқанына қарамастан жылжымайтын мүліктеріне қатысты Университеттің саясатын айқындауы және жүзеге асыруы тиіс.

5-БАП: МӘРТЕБЕНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

Құрылтайшы Мемлекеттердің заңдарындағы қандай да бір өзгерістер Университеттің міндеттерін, қаржылық, заңдық немесе академиялық мәртебесін немесе барлық жарналарға, ақшалай қайырмамалдықтарға және кез келген жеке тұлғалар, компаниялар мен халықаралық ұйымдар тарапынан Университеттің қызметін қамтамасыз ету құқықтарын нашарлатуға ықпал ете алмайды. Осы Баптың ережелері Құрылтайшы Мемлекеттердің бірінші дәрежелі болып табылатын Конституцияларына сәйкес орындалуы тиіс.

6-БАП: ҚАРАЖАТТАРДЫ ҚОРҒАУ

Құрылтайшы Мемлекеттер Университеттің кез келген меншігін, активтері мен қорларын национализациялауды немесе тәркілеуді жүргізбейтін немесе национализациялау немесе тәркілеу сияқты салдары бар қандай да бір іс-әрекеттерді жасамайтын болады. Айрықша жағдайларда осы баптың ережелері Құрылтайшы Мемлекеттердің ұлттық мүдделерін ескере отырып, олардың тиісті заңдарына сәйкес орындалады.

7-БАП: ТҮЗЕТУЛЕР

Жарғының 16-бабында егжей-тегжейлі баяндалған ережелерді есептемегенде, Құрылтайшылардың әрқайсысының бірауызды жазбаша мақұлдауынсыз Шарт пен Жарғыға түзетулердің енгізілуі мүмкін емес. Мұндай түзетулер заңдық тұрғыдан міндетті болып саналады және барлық үш Құрылтайшы Мемлекет бекіткеннен соң күшіне енеді.

8-БАП: ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ

Осы Шартты орындауға байланысты барлық келіспеушіліктер Құрылтайшылар арасындағы келіссөздер жолымен достық сипаттағы келісім арқылы шешілетін болады. Осындай келіссөздерді жүргізу кезінде Құрылтайшылар Құрылтайшылардың да мүдделерін, сондай-ақ Университеттің де мүдделерін ескеруі тиіс. Құрылтайшылар Құрылтайшылар мен Университет арасындағы ізгі қатынастарды сақтау мақсатында олардың арасындағы келіспеушіліктер адал

ниетті әрі әділетті негізде реттелуі үшін мүмкін нәрсенің бәрін де жасауы қажет.

9-БАП: ТІЛДЕР

Осы Шартты Құрылтайшылар тәжік, қырғыз, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бес түпнұсқа данадан жасады, олардың әрқайсысының заңдық тұрғыдан күші бірдей. Осы Шартты түсіндіру кезінде пікір алшақтығы туындаса, ағылшын тіліндегі нұсқасы бастысы болып табылады.

10-БАП: ШАРТҚА ҚОСЫЛУ

Университетті дамытуға салым салуды немесе оның бағдарламаларын не қызметтерін пайдалануды қалайтын кез келген басқа мемлекет Жарғының 15-бабының ережелеріне сәйкес Қатысушы Мемлекет бола алады.

11-БАП: ШАРТ КҮШІН ТОҚТАТУ

Осы шартты әр құрылтайшы өз халық заңдар және Парламент мақұлдау бойынша күшін тоқтату мүмкіндігі бар. Бұл жағдайда Мемлекет-Құрылтайшы басқа құрылтайшыларды, жазылған түрде ойланған күш тоқтату мезгілінен екі жыл бұрын ескерту қажет.

12-БАП: КҮШІНЕ ЕНУ

Жарғы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Осы Шарт пен Жарғы заңдық тұрғыдан міндетті болады және кем дегенде екі Құрылтайшы Мемлекетте бекітілгеннен кейін күшіне енеді. Осы Шарт пен Жарғы заңдық тұрғыдан міндетті болады және үшінші Құрылтайшы Мемлекетте бекітілгеннен кейін осы мемлекетте де күшіне енеді.

АҚДН-нің Тәжікстан Республикасымен келісімі осы Келісімге қол қойған Тәжікстан Республикасымен және Исмаилиттер Имаматына міндетті болып табылады.

13-БАП: Даналар

Осы Шарт бес данада жасалатын болады, олардың әрқайсысы түпнұсқа болып есептеледі, бірақ олардың бәрі белгілі бір құжатты құрайды, бұл

ретте әрбір данаға Исмаилиттер Имаматы қол қояды.

ОСЫ ШАРТҚА Құрылтайшылар өздерінің тиісті қолдарымен көрсеткен калаларда және күндерде ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ, ал шарт жасасу күні болып соңғы қол қою күні саналатын болады.

Тәжікстан Республикасынан

Қырғыз Республикасынан

Президент

Президент

Душанбе қаласы

Бішкек қаласы

Күні: 28 тамыз, 2000

Күні: 30 тамыз, 2000

Қазақстан Республикасынан

Исмаилиттер Имаматынан

Президент

49-Мұрагер Имам

Астана қаласы

Астана қаласы

Күні: 31 тамыз, 2000

Күні: 31 тамыз, 2000

"А" ҚОСЫМШАСЫ

ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ЖӘНЕ ИСМАИЛИТТЕР ИМАМАТЫ НЕГІЗІН САЛҒАН

ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАРҒЫСЫ

Орталық Азия Университеті Орталық Азия Университеті Құрылтайшыларының 2000 ж. 31-тамызында қол қойылған Шартына сәйкес Тәжікстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы мен шиит Имами исмаили мұсылмандарының 49-ы мұрагер Иمامы Ұлы Мәртебелі Ага Хан уәкілі болып отырған Исмаилиттер Имаматы негізін салған, халықаралық білім беретін ұйым (халықаралық білім беру мекеме) болып табылады.

КІРІСПЕ

Университет халықаралық білім беретін ұйым (халықаралық білім беру мекеме) болып, білім беру, зерттеу және Орталық Азия Таулы Аймағындағы (төменде айқындалған) жалпы алғанда тау тұрғындарының экономикалық және әлеуметтік жағдайларын ұзақ мерзімді жақсартуға, қоршаған табиғи орта мен олар ұстанатын мәдени құндылықтарды сақтау мен дамытуға тікелей

жәрдемдесетін жоғарғы халықаралық сапаға сай келетін қызметтер көрсету бойынша бағдарламалар ұсыну мақсатындағы халықаралық ұйым ретінде құрылғанын назарға ала отырып;

сондай-ақ

Құрылтайшылардың осы халықаралық Университетті құру мен дамытуға Орталық Азия Тау Аймағындағы елдерді тартқысы және рухтандырғысы келетінін назарға ала отырып:

1-БАП: ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР

1.1. Университет Құрылтайшылары:

Тәжікстан Республикасы, Тәжікстан Республикасының Президенті атынан;

Қырғыз Республикасы, Қырғыз Республикасының Президенті атынан;

Қазақстан Республикасы, Қазақстан Республикасының Президенті атынан;

сондай-ақ

Исмаилиттер Имаматы атынан, шиит Имами исмаили мұсылмандарының 49-ы мұрагер Иамы Ұлы Мәртебелі Ага Хан - болып табылады.

1.2. Университеттің атауы:

тәжікше: Донишгохи Осиеи Марказӣ

қырғызша: Борбардук Азия Университеті

қазақша: Орталық Азия Университеті

орысша: Университет Центральной Азии

ағылшынша: University of Central Asia

1.3. Университет өзінің негізгі кампусын Тәжікстан Республикасының Таулы Бадахша автономиялы облысындағы Хорог қаласында ұйымдастырып отыр. Университеттің ажырамас бөліктері ретінде академиялық бағдарламалары мен

үй-жайлары, сондай-ақ Қырғыз Республикасында, Қазақстан Республикасында және Қатысушы Мемлекеттерде де ұйымдастырылуы мүмкін.

2-БАП: АНЫҚТАМАЛАР

Осы Жарғыда қолданылатын бас әріппен жазылған сөздер 2-бапта анықталатын мағыналарға ие.

2.1. "АКДН" исмаилиттер Имаматы құрған және Ага Хан Қорын, Білім беру жөніндегі Ага Хан қызметін, Денсаулық сақтау жөніндегі Ага Хан қызметін, Жоспарлау және құрылыс жөніндегі Ага Хан қызметін, Ага Ханның Университетін, Ага Ханның мәдениет жөніндегі басқармасын және Ага Ханның Экономикалық даму Қорын қамтитын "Аганың Даму жөніндегі ұйымы" ретінде белгілі даму жөніндегі халықаралық агенттіктер мен ұйымдардың желісін білдіреді;

2.2. "Кеңес" 10-бапта аталатын Университеттің Қорғаншылар Кеңесін білдіреді;

2.3. "Орталық Азия Таулы Аймағы" егеменді аумағы Памир, Сарақорым, Хинду Куш, Гималай, Тянь-Шань, Алатау, Алтай, Копетдаг ретінде белгілі Алтай мен Кавказ таулары ауданының аралығындағы биік таулы аймақтардың ішінде орналасқан немесе солармен шектесетін мемлекеттерді қамтиды;

2.4. "Канцлер " 7-бапта аталатын Университеттің Канцлерін білдіреді;

2.5. "Қорғаншыр-Құрылтайшылар" 5-бапта аталатын Тәжікстан Республикасының Президентін, Қырғыз Республикасының Президентін және Қазақстан Республикасының Президентін білдіреді;

2.6. "Құрылтайшылар" Тәжікстан Республикасын, Қырғыз Республикасын, Қазақстан Республикасын және Исмаилиттер Имаматын білдіреді;

2.7. "Құрылтайшы Мемлекеттер" Тәжікстан Республикасын, Қырғыз Республикасын және Қазақстан Республикасын білдіреді;

2.8. "Халықаралық ұйымдар" АКДН агенттіктері мен ұйымдарын және басқа да халықаралық даму жөніндегі ұйымдарды, қайырымдылық ұйымдарын, оқу ұйымдарын, көп жақты қаржы мекемелерін және басқа да халықаралық ұйымдарды, Біріккен Ұлттар Ұйымын, Еуропалық Одақтың Комиссиясын, Халықаралық Қайта құру және Даму Банкін, Азиялық Даму Банкін, Еуропалық Қайта құру және Даму Банкін, Ислам Даму Банкін, олардың агенттіктерін және басқа да осындай, халықаралық органдарды білдіреді;

2.9. "Қатысушы Мемлекет" 16-бапта аталған, Университетпен ынтымақтастық туралы келісім жасасқан, өзінің ынтымақтастық туралы заңдарына және осы Жарғыға сәйкес осы Жарғыны сақтауға келіскен және осындай келісімге заңды күшін беруге қажетті барлық шараларды қолданатын кез келген мемлекетті білдіреді;

2.10. "Қорғаншы" 5-бапта аталған Қорғаншыларды білдіреді;

2.11. "Вице-Канцлер" 8-бапқа сәйкес тағайындалған Университет Канцлердің

орынбасарын білдіреді;

2.12. "Ректор" 9-бапқа сәйкес тағайындалған Университеттің Ректорын білдіреді;

2.13. "Шарт" Тәжікстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы мен шиит Имами исмаили мұсылмандарының 49-ы мұрагер Имамы Ұлы Мәртебелі Ага Хан өкілі болып отырған Исмаилиттер Имаматы арасында жасалған халықаралық шарт болып табылатын Құрылтайшылардың Орталық Азия Университетінің 2000 жылдың 31 тамызындағы шартын білдіреді;

2.14. "Университет" Орталық Азия Университетін білдіреді.

3-БАП: УНИВЕРСИТЕТТІҢ МІНДЕТІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Университеттің міндеті мен қызметі мына төмендегілерді қамтиды:

3.1. Таулы аймақтар мен олардың халықтарын, сондай-ақ Университет өзінің шешімімен айқындай алатын меңгерілуі дәрежелер, дипломдар, сертификаттар және өзге де академиялық атақтар берумен расталатын білімнің өзге де салаларын дамыту мақсатында білімді, технологияны таратуға жәрдемдесу және оқытуды, ғылыми зерттеулерді, кадрларды даярлауды және көрнекі әдістерімен оқытуды қамтамасыз ету;

3.2. Жынысына, сенетін дініне, нәсіліне, этникалық ерекшелігіне, ұлтына, және тұрақты тұрғылықты жеріне қарамастан Университеттің есігі барлық тілек білдірушілерге, мұндай адамдар Университетте оқытылатын пәндерді оқу үшін академиялық даяр болған жағдайда ашық; осы талапты қанағаттандыратын адамдардың ешқайсысы жынысына, дініне, нәсіліне, этникалық ерекшелігіне, ұлтына, тұрақты тұрғылықты жеріне қарай Университетке қол жеткізуден айырылуы мүмкін емес.

3.3. Университет өзінің мақсаттарына жетуге бағытталған өзінің оқыту қызметін еркін, қандай да бір шектеулерсіз басқаратын толық дербес мекеме болып табылады, атап айтқанда:

3.3.1 Студенттерді іріктеу мен олардың білімін тексеру;

3.3.2 Ғылыми дәрежелерді, дипломдарды, сертификаттарды және өзге де үздік белгілерді беру;

3.3.3 Оқытушылар құрамын және басқа да қызметкерлерді іріктеу, тағайындау, қызмет сатысымен жоғарылату және жұмыстан шығару;

3.3.4 Таулы аймақтар мен олардың тұрғындарының даму проблемаларын, сондай-ақ Университеттің қарауы бойынша басқа да мәселелерді зерттеу үшін қажетті оқыту курстарын айқындау;

3.3.5 Оқу ақысын және басқа да алымдардың мөлшерін белгілеу және анықтау, сондай-ақ ықтимал жеңілдіктердің мөлшерін белгілеу;

3.3.6 Зерттеу жұмысын жүргізу;

3.3.7 Халықты жұмыспен қамтудың түр-түрінің санын көбейту мақсатында ғылыми-зерттеу стансаларын, үздіксіз оқыту орталықтарын, сырттай оқыту

орталықтарын, ұйымдары мен өндірістік жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізуге арналған орталықтарды құру мен дамыту;

3.3.8 Консультациялық қызметті көрсету, өкілдік функцияларды жүзеге асыру, маркетингтік зерттеулерді жүргізу және жеке адамдар мен ұйымдарға қызмет көрсету;

3.3.9 Басқа да ұйымдарға қосылу немесе қауымдастықтар құру және Тәжікстан Республикасында, Қырғыз Республикасында, Қазақстан Республикасында немесе Қатысушы Мемлекеттерде (егер осындайлар бар болса) өздерінің функциялары мен міндеттерін орындауды жақсарту үшін факультеттерді, институттар мен бағдарламаларды құру;

3.3.10 Білім беру және өзге де бағдарламалардың анағұрлым тиімділігіне жету мақсатында оқытудың әдістері мен стратегиясын анықтау;

3.3.11 Ең бастысы ағылшын тілінде, сондай-ақ Орталық Азия Таулы Аймағының тілдерінде және басқа да тілдерде оқытуды жүзеге асыру;

3.3.12 Басылымдық және электронды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттарды жариялау мен тарату, оның ішінде Интернетте Web-сайттарын құру;

3.3.13 Интернетке шығару-беру жөніндегі қызметтер көрсету, сырттай оқыту және Университеттің басқа да білім беру мақсаттарына жету үшін Құрылтайшы-Мемлекет және Қатысушы-Мемлекеттердің тиісті ережелеріне және нормаларына сәйкес радио-және теледидар станцияларына, электронды құралдар мен құрылғылардың басқа да түрлерін иелену, құру және басқару.

3.4. Университеттің оқытушылық және әкімшілік персоналы:

3.4.1. Негізінен әкімшілік қызметкерлері және мамандары Орталық Азия Таулы Аймағында тұратын тұрғындардан болады деп күтілуде, сонымен қатар Университеттің бұл ретте таулы аймақтар және олардың халықтарының дамыту проблемаларының саласында жұмыс тәжірибесі немесе аралас салаларда тәжірибесі бар адамдарды қоса алғанда басқа елдерден жетекші педагогтарды, зерттеушілерді, әкімшілік қызметкерлері мен сарапшыларды шақыруға және жалдауға құқы бар;

3.4.2. Университеттің мақсаттарына жету үшін құзыреттілігі, адалдығы және тиімділігі жоғары деңгейде болатын кандидаттардың қасиеттерін сұрыптау негізінде жүргізеді;

3.4.3. Университеттің мақсаттарына жету үшін өздерінің зерттеулері және академиялық қызметі туралы ақпараттарды баспалық, электронды және басқа да жолдармен жариялау және тарату үшін сөз бостандығын пайдаланады.

3.5. Университет жеке қасиеттері, жетістіктері, тәжірибесі және тұратын елінің тұрғыны екендігін еске ала отырып, сол негіздерде жұмысқа қабылдауға қажетті ережелер, реттілік, шарттарға байланысты жұмысқа қабылдау саясатын белгілеуге және қолдануға құқы бар.

3.6. Университет зерттеулер, оқыту және өзге де академиялық қызмет үшін Ага

Ханның дамыту жөніндегі ұйымын қоса алғанда кез келген ұйымның құрал-жабдықтары мен қызметшілерін өзінің қарауы бойынша пайдалана алады.

3.7. Университет өзінің мақсаттарына жету және өзінің қызметін жүзеге асыру үшін үкіметтермен, ұйымдармен, мекемелермен және жеке адамдармен келісімдер, келісім-шарттар және Уағдаластықтар жасай алады, сондай-ақ өзінің мақсаттарына жетуге қажетті өзге де актілерге отыра.

3.8. Университеттің барлық қызметкерлері, Университеттің лауазымды адамдары, Қорғаншылар Кеңесі мүшелері, оқытушылар құрамы, студенттер мен Университеттің жұмысына тартылған барлық қызметшілері, штаттық жұмыс істейтіндер, келушілер, ерікті қызметкерлер, консультанттар, сарапшылар, агенттер және мердігерлік қызметшілер, олармен шектеусіз барлық қызметкерлерді қоса алғанда, сол тұлғалар халық заңдарға және халықаралық заңдар нормаларына сәйкес кез келген жеріне барып-қайту бостандығын пайдаланады. Осыған байланысты Құрылтайшы Мемлекеттер және Қатысушы Мемлекеттер Университеттің қызметшілеріне өз мемлекетінің аумағына кіру мен одан шығуға рұқсат береді және Университеттің талабымен тиісті шығу, транзиттік және кіру визаларын және өз мемлекеттерінің заңдарына сәйкес сол елде тұруға қажетті рұқсаттар береді.

3.9. Университет Құрылтайшы Мемлекеттер және Қатысушы Мемлекеттердің тиісті заңдарына сәйкес жерді пайдалануға құқығын ала алады және сондай-ақ қызметті жүзеге асыруға және жоғарыда аталған мақсаттарға жетуге қажетті құрылымдар мен ғимараттарды жобалауға, салуға, кеңейтуге және пайдалануға құқылы.

3.10. Әр Құрылтайшы Мемлекет пен Қатысушы Мемлекеттің қолданымдағы заңдарына сәйкес Университеттің өз мақсаттарын жүзеге асыруына лицензия керек болатын қызметтің барлық түрлеріне лицензияларды алу үшін өтініш жасауға және сол лицензияны алуға құқы бар.

3.11. Университет өзінің мақсаттарына жетуге бағытталған кез келген заңды қызметті жүргізе алады.

4-БАП: УНИВЕРСИТЕТТІҢ МӘРТЕБЕСІ

А - ЗАҢДЫЛЫҚ МӘРТЕБЕ

4.1. Университет халықаралық білім беретін ұйым (халықаралық білім беру мекеме) болып табылады және Құрылтайшы Мемлекеттер мен Қатысушы Мемлекеттердің

заңдарына сәйкес олардың әрқайсысында жұмыс істеу құқығына ие дербес заңды тұлға болып есептеледі. Университет тұрақты негізде жұмыс істейді, оның әр Құрылтайшы Мемлекет пен Қатысушы Мемлекетте өз қызметін жүзеге асыруға және Құрылтайшы Мемлекеттердің заңдарына және Университет пен әр Құрылтайшы Мемлекет және Қатысушы Мемлекет арасында жасалған Ынтымақтастық туралы кез келген Келісімге, сондай-ақ Жарғыға сәйкес өз қызметін жүзеге асыру барысында аталмыш Келісімшартты басшылыққа алуға құқығы бар.

4.2. Әр Құрылтайшы Мемлекетте Шарт күшіне енген (ратификацияланған) сәттен бастап, Университет сол Құрылтайшы Мемлекетте заңды тұлға ретінде танылады. Университеттің әр Құрылтайшы Мемлекет пен Қатысушы Мемлекетте заңды тұлғалардың Мемлекеттік реестрінде тіркелуіне құқығы бар және тіркелгеннен кейін өзінің қызметін жүзеге асыра бастайды.

4.3. Университет жекеменшік (Мемлекеттік емес), дербес, коммерциялық емес (пайда алу мақсатын көздемейтін) және осы Жарғыда көрсетілген мақсаттарды көздейтін, өзін өзі басқаратын халықаралық жоғары білім беруді мақсат ететін зиялы ұйым (халықаралық білім беру мекеме) болып табылады. Құрылтайшы-мемлекеттер Шарт Құрылтайшы-мемлекеттердің заңдарына сәйкес ратификацияланғаннан (күшке енгеннен) кейін Университетке лицензия беретіндігі туралы кепілдік береді. Аталмыш лицензия тұрақты нысанда берілетін болады немесе ақылға қонымды белгілі бір мерзімге берілген уақытша лицензия түрінде беріледі, осыдан кейін, Құрылтайшы-мемлекеттердің қолданымдағы заңдарына сәйкес, Университет тұрақты лицензия үшін өтініш және тапсырыс берген соң, сол тұрақты лицензияны алуы тиіс. Университет тағайындаған дәрежелер, атақтар, дипломдар және басқа да сертификаттар Құрылтайшы Мемлекеттер немесе Қатысушы Мемлекеттерде танылады және сол мемлекеттердің университеттері тағайындаған дәрежелерге, атақтарға, дипломдар және басқа да сертификаттарға барабар деп есептеледі.

4.4. Университет өзінің атынан келісімдер жасасуға және жерді пайдалану құқығын және өзге де мүлктік құқықтарды алуға, өзіне міндеттер қабылдауға, соттарда, төрелік және аралық соттарда талапкер және жауапкер болуға, оқыту мен зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін құрал-жабдықтарды орнатуға, Құрылтайшы Мемлекеттің аумағында, сондай-ақ одан тысқары жерде әкімшілік офистерінің және қосалқы қызметтердің үй-жайын салуға құқығы бар. Құрылтайшы Мемлекеттер немесе Қатысушы Мемлекеттердің заңдарында болуы мүмкін, жерге қатысты құқықтардың шектелуіне қарамастан Университетке университет кампустары орналасатын жерді пайдалану құқығы берілетін болады.

4.5. Университет техниканы, құрал-жабдықтарды, құрылыс материалдарын, тауарлар мен өзінің қызметімен байланысты қызмет түрлерін әкелуді және әкетуді жүзеге асыру, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей кез келген Құрылтайшы Мемлекет және Қатысушы Мемлекеттің аумағында кедендік декларацияларды толтыру және

оларға қол қоюға құқығына ие болады. Құрылтайшы Мемлекеттер мен Қатысушы Мемлекеттердің қолданымдағы ұлттық заңдарына сәйкес қару-жарақ, улы заттар, есірткі заттары және радиоактивті материалдар мен қосалқы мақсаттағы материалдар ретінде анықталған тауарлар мен заттарға қатысты осы баптың ережелері Құрылтайшы Мемлекет пен Қатысушы Мемлекеттің тек рұқсаты (лицензиясы) арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

4.6. Университет ақшаны қарызға алуға және қарызға беруге құқылы. Университет өз активтері мен меншігін толығымен немесе бөлшектеп кепілдікке бере алады және аталмыш активтер мен меншігін несиеге ауыстыруға қажетті міндеттемелерін қамтамасыз етудің басқа түрлері, сонымен қатар Университеттің басқа да міндеттемелері үшін пайдаланады.

4.7. Университет Құрылтайшы Мемлекеттер мен Қатысушы Мемлекеттердің кез келгенінде сол мемлекеттердің ұлттық валютасы, сондай-ақ Қорғаншылар Кеңесі анықтаған шешімге сай кез келген шет елдік валюта түріндегі банк шоттарын ашуға, басқаруға және пайдалануға құқығы бар.

4.8. Құрылтайшы Мемлекеттердің заңдары реттейтін талаптарына, (заңдық нормаларына) сәйкес Университет пайда алу мақсатында кез келген қызмет түрін жүзеге асыруға құқығы бар.

4.9. Университеттің кірісі шығысынан қандай да бір уақытта асып кететін болса, оның айырмасы, Университет міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылатын, одан арғы білім беру, зерттеулер жүргізу ісіне және қызметтердің қажетіне жұмсалатын болады.

4.10. Университет, үлгісі Қорғаншылар Кеңесінің шешімі арқылы бекітілетін мөрге ие.

4.11. Университет үй-жайларының орналасқан жері әр Құрылтайшы Мемлекет немесе Қатысушы Мемлекеттегі Университеттің тіркелген кеңсесінің мекен-жайы болып табылады. Осы мекен-жай тиісті елдердегі заңды тұлғалардың Мемлекеттік регистріне хабарланады. Университет сондай-ақ Швейцария мемлекетінің Женева қаласында орналасқан, Ага Ханның дамыту жөніндегі ұйымының Бас офісі ретіндегі халықаралық мекен-жайға ие.

4.12. Университет әр Құрылтайшы Мемлекет пен Қатысушы Мемлекеттердің қолданымдағы заңдарына сәйкес, заңды тұлғаға тиесілі барлық басқа да құқықтар мен өкілеттіліктерге ие.

4.13. Құрылтайшылар Университет міндеттері алдында жауапты болмайды.

Б - ҚАРЖЫЛЫҚ МӘРТЕБЕСІ

4.14. Университет Құрылтайшы Мемлекеттер мен Қатысушы Мемлекеттерде Университеттің құрылуы және жұмыс істеуі үшін қолданылып жүрген немесе қолданылатын жалпы мемлекеттік, аймақтық, аудандық және қалалық тікелей және

болашақта қолданылатын, жанама нысанындағы барлық салықтарды төлеуден, сондай-ақ жинаудан және төлеуден босатылады. Университет мақсаттарынан тыс жүзеге асырылған, пайда әкелетін кез келген қызмет үшін, Университетке Құрылтайшы Мемлекеттердің және Қатысушы Мемлекеттердің заңдарына сәйкес салықтар салынады.

Университет мемлекеттік мекемелерге және университеттерге қатысты қолданылатын артықшылық құқықтардан, ставкалар мен алымдардан қолайлылығы кем емес коммуналдық қызметтерге берілетін, ставкаларға және алымдарға қатысты басымшылық құқықтарды пайдаланады.

4.15. Жұмыс істеп жүрген, Құрылтайшы Мемлекеттер және Қатысушы Мемлекеттердің азаматтары немесе тұрақты резиденттері болып табылмайтын барлық қызметкерлер Университеттің шетелдік қызметкерлері болып есептеледі. Жоғарыда аталған Университеттің барлық шетелдік қызметкерлері әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне сай, жарналар төлеуден босатылады. Университеттегі шетелдік қызметкерлердің Университетте жұмыс істеуіне байланысты кірістері Құрылтайшы Мемлекеттер мен Қатысушы Мемлекеттерде салық салудан, оның ішінде барлық ұлттық, аймақтық, муниципалдық және жергілікті салықтардан босатылады. Жоғарыда көрсетілген шетелдік қызметкерлер Университетте өздерінің еңбегімен алған табыстарын шектеусіз алып кету құқығына ие болады. Құрылтайшы Мемлекеттер немесе Қатысушы Мемлекеттердегі Университеттің шетелдік қызметкерлерінің Университетте алынатын кірісті қоспағандағы, басқа көздерден алған кірістеріне тиісті Құрылтайшы Мемлекеттер немесе Қатысушы Мемлекеттердің заңдарына сай салық салынады.

Университеттің шетелдік қызметкерлерінің Құрылтайшы Мемлекеттер аумағында тұру барысында, жеке басына қажетті және үй тірлігіне керек керек-жарақтарын әкелу құқығы бар. Бұл заттардың қатарына Университеттің әр шетелдік қызметкерінің жеке пайдалануына берілетін бір автомобилі жатқызылуы мүмкін және Университеттің шетелдік қызметкері тиісті Құрылтайшы Мемлекеттерге бірінші рет келгеннен кейінгі алты ай ішінде әкелінген немесе сатылып алынған заттары, олар барлық әкелу кезіндегі баж салықтарынан босатылады. Шетелдік қызметкерлердің өздеріне керек емес, жеке басына қолданатын және үй тірлігіне керек-жарақтарын кез келген уақытта сатуға құқығы бар екенін ескере отырып, Құрылтайшы Мемлекеттен кететін жайда, олар жеке басына қолданатын заттарды әкету кезінде сол заттарды әкелген уақыттағыдай жеңілдіктерге ие болады.

Осы Баптың ережелері Құрылтайшы Мемлекеттердің немесе Қатысушы Мемлекеттердің азаматтарына қатысты, егер сол азаматтар өз мемлекеттерінде, қызмет атқаратын болса, қолданылмайды.

4.16. Халықаралық ұйымдар, оның ішінде АҚДН агенттіктері мен ұйымдары және барлық халықаралық екі жақты және көп жақты донор-агенттіктер, - дамыту жөніндегі

агенттіктер мен мекемелер, сондай-ақ қорлар Университетке немесе Швейцарияның заңдары бойынша (АКУФ) құрылған және сол негізде жұмыс істейтін, халықаралық үкіметке бағынбайтын ұйымы болып табылатын Ага Хан Университетінің Қорына және оның жанында құрылған кез келген қайырымдылық қорына берілген (немесе беруге септігін тигізгендер), материалдық, техникалық және интеллектуалдық меншіктің барлық нысандары, АКУФ Университеттің осы қорын басқаратындығына орай, Университеттің қызметіне қатысты салықтарды төлеуден шектеусіз босатылады.

4.17. Университет өзінің мақсаттары мен міндеттері үшін жеке тұлғалардан, олардың тірі кездерінде және солардың мұрагер ретінде жарналарды, қайырымдылықпен берілетін заттарды, қолма-қол және ақшаны және заттай сыйлықтарды алуға құқылы. Заңды және жеке тұлғалардан алынған осындай барлық сыйлықтар, шектеусіз немесе толық түрде, тиесілі Құрылтайшы Мемлекеттердегі және Қатысушы Мемлекеттердегі донорлардың немесе қайтарымсыз берушілердің табысына жатқызылмайды.

4.18. Құрылтайшы Мемлекеттердің және Қатысушы Мемлекеттердің

азаматтарына салық салу және оларды әлеуметтік қорғау Құрылтайшы Мемлекеттер мен Қатысушы Мемлекеттердің тиісті ұлттық заңдарына сәйкес реттелетін болады. Университет осындай жағдайларда тиісті ұлттық салықтарды ұстап қалады және Құрылтайшы Мемлекеттерге төлейді.

5-БАП: УНИВЕРСИТЕТ ҚОРҒАНШЫЛАРЫ

5.1. Университеттің Қорғаншы Құрылтайшылары:

Аса Жоғары Мәртебелі Эмомали Шарипович Рахмонов, Тәжікстан Республикасының Президенті;

Аса Мәртебелі Жоғары Асқар Ақайұлы Ақаев, Қырғыз Республикасының Президенті;

Аса Жоғары Мәртебелі Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті.

5.2. Тәжікстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Қазақстан Республикасының кейінгі Президенттері де Қорғаншысы бола алады.

5.3. Әр Қатысушы Мемлекеттің Мемлекет басшысы Қорғаншы болып табылады.

6-БАП: УНИВЕРСИТЕТТІҢ ШТАТТЫҚ ЛАУАЗЫМДАРЫ

Университеттің штаттық лауазымдарына мыналар кіреді:

- 6.1.1. Канцлер;
- 6.1.2. Канцлердің орынбасары;
- 6.1.3. Ректор;
- 6.1.4. Қорғаншылар Кеңесі ұсынатын және Канцлер мақұлдаған басқа да жауапты атқарушылар.

7-БАП: УНИВЕРСИТЕТ КАНЦЛЕРІ

7.1. Ұлы Мәртебелі Ага Хан, шиит Имами исмаилиттер мұсылмандарының Иمامы Университеттің Бірінші Канцлері болып табылады. Оның Имам ретінде тағайындаған мұрагері Университеттің келесі Канцлері болады. Одан әрі де шиит Имами исмаилиттер мұсылмандарының әр мұрагер Иمامы осылайша Университеттің Канцлері болып тағайындалып отырады. Құрылтайшы Мемлекеттердің заңдарына сәйкес Имам кәмелеттік жасына толғанға дейінгі кезде Имамға кәмелеттік жасына толғанша көмектесу үшін Имамның жазбаша нысанда ізбасары болып арнайы тағайындалған адам осы құжатта Имамға жүктелген құқықтарды атқара алады.

7.2. Канцлер Университеттің жиналыстарына өзі қатысып отыратын болса, Университеттің істері шешілетін осындай жиналыстарға төрағалық етуге тиісті.

7.3. Құрметті дәрежені беру туралы Қорғаншылар Кеңесінің әр ұсынысын Канцлер мақұлдауы тиісті.

8-БАП: КАНЦЛЕРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ

8.1. Канцлер өзінің қарауы бойынша Канцлердің Орынбасарын өзі анықтайтын шарттарға сай және өзі анықтайтын мерзімге тағайындайды.

8.2. Канцлер қызметінде жоқ болғанда немесе өзінің міндеттерін орындауға қабілетсіз болған жағдайда, Канцлердің Орынбасары Канцлердің міндеттерін атқаратын болады.

8.3. Канцлердің Орынбасары Канцлердің оған тапсыратын басқа да барлық міндеттерін мүлтіксіз орындайтын болады.

9-БАП: РЕКТОР

9.1. Канцлер таңдауға ұсынылған бірнеше адамдардың тізімінен, Қорғаншылар Кеңесінің ұсынысы бойынша, өзінің қарарымен анықтайтын шарттар негізінде және өзі анықтайтын мерзімге Университет Ректорын тағайындайды. Ректор өз еліндегі немесе

шетелдегі әйгілі ғалым немесе әкімшілік қызметі саласындағы білікті сарапшы болуы тиіс.

9.2. Ректор Университеттің басты академиялық лауазымды адамы болып табылады және Қорғаншылар Кеңесі басқа мақсатты көздемесе, ол Университеттің Басты әкімшілік тұлғасы болады. Ректор Қорғаншылар Кеңесі белгілеген негізгі бағдарлар мен жалпы саясатқа сәйкес, сонымен қатар, Қорғаншылар Кеңесінің шешімдері мен саясатын орындау үшін Университет бағдарламасының орындалуы және жүзеге асырылуы жауапты. Атап айтқанда Ректорға мынадай істерді атқару жүктеледі:

9.2.1. Қорғаншылар Кеңесінің қарауына жұмыс жоспарларын және бюджет жобасын ұсыну;

9.2.2. Оқыту бағдарламаларын, даярлау курстарын, зерттеулерді, көрнекті оқыту құралдарын әзірлеуді, қызмет көрсетуді орындауға байланысты қызметті басқару, көрсетілетін қызметтерді, сонымен қатар, Қорғаншылар Кеңесі мақұлдаған, бюджетте көзделген шығыстарды пайдалануға рұқсат беру;

9.2.3. Тағайындалған адамдардың неғұрлым жоғары интеллектуалдық және өнегелік қасиеттерін қамтамасыз ету мақсатында, Қорғаншылар Кеңесі мақұлдаған әдістерге және тәртіпке сәйкес, Университет оқытушыларын және әкімшілік Қызметкерлерінің штаттық құрамын тағайындау;

9.2.4. Қорғаншылар Кеңесі белгілеген тәртіппен Қорғаншылар Кеңесіне Университеттің қызметі туралы есептер беру;

9.2.5. Университет жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін регламенттер мен ережелерді әзірлеу және қайта қарау;

9.2.6. Университетке және Қорғаншылар Кеңесіне Қорғаншылар Кеңесі белгілеген тәртіппен кез келген басқа қызметтер көрсету.

10-БАП: ҚОРҒАНШЫЛАР КЕҢЕСІ

10.1. Қорғаншылар Кеңесінің құрамына мыналар кіреді:

10.1.1. Канцлер тағайындайтын Төраға;

10.1.2. Әр Құрылтайшы Мемлекеттен тағайындалатын, өз елінде және шет елде кеңінен танымал әйгілі ғалым немесе көрнекті қайраткер болып табылатын Қорғаншының бір өкілі;

10.1.3. Әр Қатысушы Мемлекеттен тағайындалатын, өз елінде және шет елде әйгілі ғалым ретінде танымал немесе көрнекті қайраткер болып табылатын Қорғаншының бір өкілі және де Қорғаншылар Кеңесіне кіретін Қатысушы Мемлекеттердің өкілдері, олардың саны ешбір жағдайда екіден аспауы керек, ал егер Қатысушы Мемлекеттердің саны екіден көп болса, онда әр Қатысушы Мемлекеттің Қорғаншылар өкілдері Қорғаншылар Кеңесіне алмастыру қағидасы бойынша кіреді және жеребе тастау негізінде анықталады;

10.1.4. Ага Ханның Дамыту жөніндегі ұйымының алты өкілі (ұлттық немесе халықаралық беделі бар ғалымдар немесе көрнекті қайраткерлер) және де Ага Ханның Қоры немесе Ага Ханның Дамыту жөніндегі ұйымының басқа да агенттігі тағайындаған өкілдерінің бір бөлігі Орталық Азияның Тау Аймағынан болуы мүмкін;

10.1.5. Ректор;

10.1.6. Өздерінің тәжірибесі мен жетістіктерінің арқасында халықаралық беделге ие болған, 10.1.1-10.1.5-тармақтары ережелеріне сай мүшелікке сайланатын, сонымен қатар, кандидатураларын Канцлер бекітетін тұлғалардың саны әрі кеткенде үшеу болады.

10.2. Қорғаншылар Кеңесі Университеттің барлық қызметіне жалпы қадағалауды және бақылауды жүзеге асырады, үй-жайларын қай жерде орналасқанына қарамастан, төменде көрсетілген функцияларды шектеусіз түрде қоса алғанда, Университеттің жұмысына қатысты саясатын, анықтайды және бағыттайды, атап айтқанда:

10.2.1. Университеттің меншігін, қорларын және ресурстарын иелену, бақылау, басқару, займдарды алу және Университеттің мақсаттарына сәйкес қажетті қамтамасыз ету кепілімен қаражаттарды алу;

10.2.2. Оқытушылар құрамы, өздерінің зерттеулерінде және оқыту барысында академиялық бостандықты пайдаланатындай етіп, Университет қызметінің жүзеге асырылуына негізделген қағидаттарды, саясатты және жоспарларды қалыптастыру және бекіту;

10.2.3. Университет қызметінің мейлінше жоғарғы тиімділігін қамтамасыз ету үшін, регламенттер мен ережелерді арақидік әзірлеу және қайта қарау;

10.2.4. Университеттің жұмысына жәрдемдесу немесе оны жетілдіруге қажетті колледж, факультет, институт, бағдарламалар, тұрақты комитеттер, кеңестер және басқа да әкімшілік ұйымдар сияқты Университеттің кез келген тұрақты құрамдас бөлігін құруды қарастыру және бекіту, ал осы құрамдас бөлшектер жеке заңды тұлғалар болып танылмайды;

10.2.5. Ректор ұсынатын Университеттің жұмыс жоспарын және жылдық бюджетін бекіту;

10.2.6. Оқу ақысының және басқа да алымдардың мөлшерін белгілеу және айқындау, сондай-ақ берілуі мүмкін жеңілдіктердің ауқымын белгілеу;

10.2.7. Ректор ұсынатын, Университеттің қызметі және жұмыс жоспарларының орындалуы туралы есептерді талап ету және қарау, сондай-ақ Ректордан Қорғаншылар Кеңесінің назарын аударатын, кез келген мәселе жайлы есептерді сұрастыру;

10.2.8. Университеттің мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті оқытушы немесе әкімшілік лауазымдарды құру немесе тарату және осындай лауазымдарға тағайындалғандарды бекіту;

10.2.9. Университеттің болашақтағы қызметінің тиімділігі мен дәйектілігіне және Университеттің даралылығын сақтауға жауапкершілікті қоса алғанда Университеттің

қаржылық жағдайы үшін жауапкершілікте болу;

10.2.10. Олар арқылы, ұйымдар немесе жеке адамдар Университетпен байланыса алатын барлық филиалдардың немесе басқа да осы түрдегі ұйымдардың құрылуын бекіту;

10.2.11. Өзінің құрамынан немесе кеңесшілер мен консультанттарды тарта отырып, комитеттерді және кішігірім комитеттерді құру және жұмысты анағұрлым тиімді етуге ықпал еткізу мақсатымен кеңесшілер мен консультанттарды тағайындау;

10.2.12. Университеттің басқарылуы мен жұмыс істеуін неғұрлым тиімді етуді қамтамасыз етуге қажетті немесе орынды болатын бастамаларды көтеру.

10.3. Ректорды қоспағанда Қорғаншылар Кеңесінің мүшелері үш жыл бойы Қорғаншылар Кеңесінде қалады және осы мерзім аяқталғаннан кейін олар қайта тағайындалуы мүмкін; бұл орайда Ректорды қоспағандағы, жеребе көмегімен айқындалған, Жарғыға сәйкес құрылған Қорғаншылардың бірінші Кеңесінің үштен бірі Қорғаншылардың бірінші Кеңесі құрылған алғашқы жылдан кейін Қорғаншылардың Кеңесінен шығады; Қорғаншылар Кеңесінің жеребе көмегімен айқындалған мүшелерінің басқа бөлігі Қорғаншылардың бірінші Кеңесі құрылғаннан кейінгі екі жылдан соң Қорғаншылар Кеңесінің құрамынан шығады, ал Қорғаншылар Кеңесінің жеребе көмегімен айқындалған басқа мүшелерінің соңғы бөлігі Қорғаншылардың бірінші Кеңесі құрылғаннан кейінгі үш жылдан соң Қорғаншылар Кеңесінің құрамынан шығады.

10.4. Қорғаншылар Кеңесінің мүшесі қызметтен кетуге өтініш беретін болса, немесе дәлелді себептерсіз Қорғаншылар Кеңесінің қатар өткен үш жиналысына қатыспаса, немесе оның кандидатурасын ұсынған адам оны өзгертсе, оның орны босатылады.

10.5. Қорғаншылар Кеңесі мүшесінің орны босаған жағдайда, оның орнын шығып кеткен адамның кандидатурасын ұсынған адам немесе ұйым алады.

10.6. Қорғаншылар Кеңесі жұмыс реттілігін белгілейді және оны арагідік өзгертіп отыра алады.

10.7. Жиналыс Төрағасы, жиналыста осы Жарғымен анықтайтын кворумы бар деп мәлімдесе, және Кеңестің бірде-бір мүшесі заң тәртібімен жиналыстың үстінде осындай мәлімдемеге қарсы шықпаса, Кеңестің қабылдаған барлық шешімі, бір немесе бірнеше мүшені заңсыз тағайындалды деген мәлімдемеге немесе кворумға байланысты не кез келген басқа себептерге негізделген жоққа шығаруды қоса алғанда, қандай да бір себепке орай кворумның жеткіліксіз болғандығына сай негіздер бойынша, жоққа шығарылмайтын болады.

10.8. Канцлер бірінші Төрағаны тағайындағанға дейін Қорғаншылар Кеңесінің іс-әрекеттері мен шешімдерінің күші болмайды.

11-БАП: ҚОРҒАНШЫЛАР КЕҢЕСІНІҢ МӘЖІЛІСТЕРІ

11.1. Қорғаншылар Кеңесі кезекті немесе жоспарланған жиналыстарды кем дегенде жылына бір рет өткізеді, ол сондай-ақ Төраға шақырған ерекше жиналысты кез келген уақытта немесе Қорғаншылар Кеңесінің кемінде алты мүшесінің жазбаша талабы бойынша Төраға тағайындаған жерде өткізе алады. Қорғаншылар Кеңесінің арнайы жиналысында барлық мүшелердің өздері отырып қатысуы қажет емес, мұндай жиналысты телефондық конференция немесе теле/бейнебайланыс арқылы өткізуге де болады және ол үшін 11.3-тармақта баяндалған талаптардың сақталуы шарт. Қорғаншылар Кеңесінің барлық мүшелеріне жазбаша нысанда жіберілетін және олар қабылдайтын жазбаша қарардың күші Қорғаншылар Кеңесінің отырысында қабылданған шешімінің күшімен бірдей.

11.2. Қорғаншылар Кеңесінің жиналысы туралы хабарлама Қорғаншылар Кеңесінің барлық мүшелеріне, мәжіліс өткізу күнінен кемінде он бес күн бұрын жеткізілуі тиіс, ал мәжілістің күн тәртібі осындай хабарламаға қоса тіркелген, күн тәртібі құжатында аталған мәселелермен шектеледі. Хабарламаның мерзімі Қорғаншылар Кеңесі барлық мүшелерінің бір ауыздан жазбаша келісімі арқылы азайтылуы немесе оның күші уақытша тоқтатылуы мүмкін.

11.3. Қорғаншылар Кеңесі мүшелерінің жартысы кворумды құрайды.

11.4. Қорғаншылар Кеңесінің шешімдері Қорғаншылар Кеңесінің жиналысына қатысып отырған, дауыс беретін мүшелерінің көпшілігінің пікірін білдіруі тиіс; егер Қорғаншылар Кеңесі мүшелерінің пікірі дәл екіге бөлінсе, Төрағаның дауысы екінші немесе шешуші болады.

11.5. Төраға болмаған кезде, Қорғаншылар Кеңесінің мүшелері өздерінің арасынан дауысы екінші немесе шешуші болатын, мәжілістің төрағасын сайлай алады.

12-БАП: УНИВЕРСИТЕТ ҚАРЖЫСЫ

12.1. Университет өзінің қызметін өзінің қорларынан қаржыландырады, оның қатарына оқыту ақысы, сыйақылар, басқа да төлемдер, АКУФ және оның филиалдарынан келетін гранттар, салымдар, ақшалай қайырымдылық көмектер, гранттар, несиелер, Университет үшін құрылған қайырымдылық қорлар, сондай-ақ олардан немесе кез келген басқа да заңды көздерден алынған кірістер жатады.

12.2. Қорғаншылар Кеңесі өзінің қарауымен Университетке арналған кез келген жарналарды, сыйлықтарды немесе гранттарды қабылдай алады, сондай-ақ, егер Университет үшін тікелей немесе жанама қаржылық міндеттеме туғызуы мүмкін немесе алыну көзі, қызмет түрі немесе бағдарламасы Қорғаншылар Кеңесінің пікірі бойынша орынсыз болса, олардан бас тарта алады.

13-БАП: АУДИТ ЖӘНЕ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ

13.1. Университеттегі есеп беру ісі Қорғаншылар Кеңесі айқындайтын нысанда және сол тәртіппен жүргізіледі және Университеттің қаржылық жылы аяқталғаннан кейінгі алты айда жыл сайын аудиторлық тексеруден өткізілуі тиіс. Аудитті Қорғаншылар Кеңесі тағайындаған халықаралық деңгейдегі бухгалтерлік фирма жүргізеді.

13.2. Есеп және тексеріс жасаған аудиторлық фирмасының қорытындысы Қорғаншылар Кеңесінің мақұлдануына ұсынылады.

13.3. Аудиторлық қорытынды, аудитордың аудиторлық тексеруді халықаралық аудит стандарттарына және халықаралық бухгалтерлік қағидаларына сәйкес орындағанын растайды.

13.4. Қорғаншылар Кеңесі кез келген уақытта тәуелсіз аудиторды тағайындай алады. Ол аудиторлық тексеру немесе сараптама жасағаннан кейін Қорғаншылар Кеңесі белгілеген үлгіде есеп береді. Тәуелсіз аудитор Қорғаншылар Кеңесі тағайындайтын халықаралық деңгейдегі бухгалтерлік фирмалардың қызметкерлерінің арасынан тағайындалады.

14-БАП: ЮРИСДИКЦИЯСЫН ШЕКТЕУ

Канцлер немесе Қорғаншылар Кеңесі қолданылып жүрген заңдардың шегінде қабылданған ешбір шешім немесе іс-қимыл немесе акт Құрылтайшы Мемлекеттердің немесе Қатысушы Мемлекеттердің, соттарды есепке алмағанда, кез келген құзыретті органдарының қарарына берілмеуі тиісті.

15-БАП: ҚАТЫСУШЫ МЕМЛЕКЕТТЕР

Университеттің дамуына жәрдемдесуді немесе оның бағдарламаларына немесе қызметтеріне септік тигізуді қалайтын кез келген өзге мемлекет, Қорғаншылар Кеңесінің және Канцлердің мақұлдауымен, Қорғаншылар Кеңесі айқындаған, Қатысушы Мемлекетпен келісілетін шарттар және ережелер бойынша Қатысушы Мемлекет құрамына кіре алады.

16-БАП: ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16.1. Құрылтайшы Мемлекеттер мен Исмаилиттер Имаматының бірауыздан келіскен жағдайларын қоспағанда, осы Жарғының 3, 4, 6, 7, 8, 9, 15 және 16 баптары ешбір жағдайда өзгертуге жатпайды.

16.2. Жоғарыдағы 16.1 тармақ ескеріле отырып, Жарғыға қатысты басқа да өзгерістер мен толықтырулар, Құрылтайшы Мемлекеттер Қорғаншыларының және Канцлердің қарауына ұсынылуы мүмкін. Осындай өзгерістер Қорғаншылар Кеңесі

мүшелерінің жалпы санының кем дегенде үштен екі бөлігімен қарары кезінде қолдануы тиіс. Жарғыға енгізілетін мұндай түзетулер мен толықтырулар екі Қорғаншының және Канцлердің келісімімен және әр Құрылтайшы Мемлекет пен Катысушы Мемлекеттегі заңды тұлғалардың Мемлекеттік регистрінде тіркелгеннен кейін ғана күшіне енеді.

16.3. Осы Жарғының ережелерін орындауда, немесе Жарғыдағы

проблемаларды шешуде, немесе Жарғының ескерілмей кеткен ережелерін қалпына келтіру барысында мәселелер туындалған жағдайда, ол туралы шешім Канцлердің қарарына ұсынылады, оның шешімі түпкілікті және орындауға міндетті болып табылады.

16.4. Тәжік, қырғыз, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалған осы Жарғыны Құрылтайшылар растайды және мақұлдайды, және аталған әр тілдегі нұсқалардың заңдық күші бірдей. Осы Жарғыны түсіндіруде келіспеушіліктер орын алған жағдайда ағылшын тіліндегі нұсқасы негізгі болып табылады.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.